

**"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1117
қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 қазандағы № 1046 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23
қыркүйектегі № 1005 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері»
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1117
қаулысына (Қазақстан Республикасының, ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 529-құжат)
мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрлігі туралы ережеде:

16 - тармақта:

«Орталық аппараттың функциялары» деген 1-бөлімде:

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«17) туыстас емес транспланттауды жүргізу мақсатында гемопоэздікдің
жасушаларын, сүйек кемігін өткізген жағдайда, оларды, сондай-ақ
диагностикалық мақсаттарға арналған немесе биомедициналық зерттеулер
жүргізу процесінде алынған жасушалардың, тіндердің, биологиялық
сұйықтықтар мен сөлдердің, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті өнімдерінің,
физиологиялық және патологиялық шығарындылардың, сүртінділердің,
қырындылардың, шайындылардың үлгілерін Қазақстан Республикасының
аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге
қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беру тәртібін айқындау;»;

«Ведомстволардың функциялары» деген 2-бөлімде:

29), 30) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«29) адамның ағзаларын (ағзаларының бөліктерін) және (немесе) тіндерін,
қан мен оның компоненттерін Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан
Республикасының аумағына әкелуді және Қазақстан Республикасының
аумағынан осы елдерге әкетуді лицензиялау;

30) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық
техниканы (оның ішінде тіркелмегендерін) ізгілік көмек немесе төтенше

жағдайлар кезіндегі көмек ретінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруді жүзеге асыру;».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК